

Анықтама

Күні: 13–17.04.2026 ж.

Тақырыбы: «Отбасын жоспарлау мектебі»

(2-дәріс)

Өткізілген орны: Медициналық жоғары колледжі

Уақыты: 15:00

Қатысушылар: 2 курс студенттері

13–17 сәуір күндері Медициналық жоғары колледжінде колледж психологтары А.Б. Бохаева және А.С. Опашева ұйымдастыруымен 1–2 курс студенттеріне арналған «Отбасын жоспарлау мектебі» тақырыбында дәрістер мен тренингтер өткізілді.

Іс-шара «Сенің болашағың...» бағдарламасы аясында ұйымдастырылып, жастар арасында отбасылық құндылықтарды насихаттауға бағытталды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жастарды отбасылық өмірге даярлау, жауапты әке мен саналы ана болудың маңызын түсіндіру, сондай-ақ жыныс психологиясы, қарым-қатынас мәдениеті, бала тәрбиесі және жыныстық тәрбие бағыттары бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу болды.

Бағдарлама барысында қатысушыларға тақырып бойынша кең көлемде мәлімет беріліп, өзара пікір алмасу ұйымдастырылды. Студенттер белсенді қатысып, өз ойларын ортаға салды. Іс-шара өз деңгейінде өткізілді.

Колледж психологтары:

А.Б. Бохаева, А.С. Опашева



